**Being honest is one of the easiest ways to a woman's heart. Men, even if you make a mistake, just be honest about it. Being honest is much better than making someone go through the trouble of hearing your lies and finding out the truth later on and getting badly hurt by it. It's always better to be open and honest about your past and your own individuality. Don't try to be someone else in front of her, or you'll be faking the relationship entirely when you finally show her your true side. Make sure she loves you for who you are and not what you "could've been" or "can be". Be honest, it doesn't cost anything and it has a lot of rewards.**

### 3. Time

**I've said this countless times, "time" is one of the most precious gifts you can give someone. When a man takes out time for his woman, he's making an effort above all else. Take out time from your busy schedules, have your very own separate days with her where it's just you and her. Regardless of how busy your life is, always take proper time out for your woman. It's all about priorities.**

### 4. Understanding

After having a lot of arguments with my girlfriend, I finally realised where I was going wrong. I was always there for her both emotionally and physically whenever she needed me, but in her dark moments I didn't understand her as well as I should've. Now I finally actually know what she means and when she needs me. True understanding takes a lot of time to achieve but it's well worth the effort. Understand your women, it's not impossible.

### 5. Be emotional

It's not unmanly to be emotional. Women love it when their men show emotions and show them their kinder and softer sides. I've always been emotional with my girlfriend, I've cried on her shoulder, I've been highly emotional about everything I've ever felt. It has always helped in making the trust between us grow bigger and stronger because I never kept a shield around myself in front of her. Be vulnerable in front of your women, you won't be judged, you'll only be loved.

### 6. Be their strength

A man needs to protect his woman, mentally and physically. Be their strength when they're down, be their strength in their ups and downs, always be their strength without them even asking for it. I've always been there for my girlfriend when she's had dark times. It's only natural for a woman to expect her man to protect her. Be the strength they need.

### 7. Security

The last thing in the list in what women want is "Security". I don't mean that in the literal sense. A man should be secure in his ways, in his future plans and in his financial plans. It's a huge plus when a man knows where he's going in life. The passion in his eyes for his own future is very vital. So men, decide on who you want to be and where you want to be in life. Don't be indecisive.





## Тұтынушы құқығын қорғау!

Дүкеннен сатып алған затымыз ұнамай қалатын жағдайлар аз емес. Кейде қайта баруға ерініп су жаңа бұйым үйде босқа жатады. Тіпті, қолданбауыңыз да мүмкін. Статистика бойынша, еліміздегі бір ғана өңірде 5 мыңға жуық тұтынушының құқығы бұзылады екен. Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың дені майдашүйдеге мән бермей, қолын бір сілтей салатындарын айтқан. Бір шетінен ұрыс-керіске уақытын зая кетіргісі жоқ.

Жыл соңына дейін тұтынушылар құқығын қорғау мақсатында 7 заңнамалық актіге, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жарнама туралы», «Сауда қызметін реттеу туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілмек. Заң әлі толығымен күшіне енген жоқ. Сонымен олқылықтарды қалай реттуге болады? Жаңа заңға сәйкес сапасыз тауарды дүкенге қайтарып беру мерзімі ұзартылмақ. Яғни, бұған дейін тұтынушы сапасыз киім-кешек, азық-түлікті 14 күннің ішінде қайтарса, жаңа тәртіп бойынша 14 тәуліктен соң да қайтаруға құқығы бар.

ТҰРСЫН ЖАҚПАРОВА, АСТАНА ҚАЛАЛЫҚ «ӘДІЛЕТ» ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ОДАҒЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

Мысалы, сіз жаздыгүні қысқы аяқ киімді дүкеннен алдыңыз делік. Себебі, ол кезде арзан баға болды. Етіктің 3 айлық кепілдік талоны бар. Ал, қыста аяқ-киім жыртылып немесе етік жарылып жатса кері қайтаруға болады. Тері емес аяқ-киімді былғары деп сатса, ол да заңға қайшы.

Заңға сәйкес, сатушы тұтынушыға заттың құрамын немесе сапасын басқаша сипаттап алдап сатса шара қолданылмақ. Пәтер сатып алғанда да сан соғып қалатындар аз емес. Мәселен, құрылыс компаниялары жарнамада бизнес класстағы үйді көрсетіп, шын мәнінде орта деңгейлі баспананы сатып жібереді. Компаняилардың осындай құйтырқы әрекеті анықталса, мекемеге жарнама жасауға мүлдем тыйым салынады. Коммуналдық қызметке де өзгеріс енеді. Пәтер иесі электр ақысын төлемесе, мекеме тек жарықты қиып кетеді. Электр энергиясымен қоса жылуды тоқтатуға болмайды.

Сауда жасағанда ескеретін тағы бір жайт – зат алғанда сатушы оны дәлелдейтін түбіртек беруге тиісті. Егер алған тауарыңызды растайтын чек болмаса, зат сатып алғанда қасыңызда куәгердің болғаны абзал. Тіпті ешкім болмаса, заңдағы жаңа тәртіп бойынша тауарыңызды фото немесе бейнежазбаға түсіріп алуға құқығыңыз бар. Көбенесе, супермаркеттерге «Бейнебақылау немесе суретке түсіруге болмайды» немесе «Тауар кері қайтарылмайды» деген жазудың өзі заңсыз. Ал, шын мәнінде өсімдіктер, іш-киім, дәрі-дәрмек, жан-жануар және метрлеп сатылатын тауарлар ғана кері қайтарылмайды.

Әсем ӘМІРЖАН

# Тегін дәрі-дәрмек

Үкіметтің 2011 жылғы № 786 бұйрығына сәйкес Қазақстан азаматтары 49 дерт бойынша 500-ден аса тарта дәрі-дәрмекті тегін алуға құқылы. Дегенмен, мұндай жеңілдіктің бар екенінен көпшілік бейхабар. Әсіресе, ауылдық жерлерде тұрғындар өз құқығын білмейді. Балтыры сыздап , басы ауырса дәріхана жағалайды. Аяқ-асты сырқаттанған жағдайда немесе дәріге ақша болмаған жағдайда мұны білу артық болмайды.

Жалпы еліміз бойынша 7 мыңға тарта дәрі бар. Оның 500-ден астамы тұрғындарға тегін беріледі. Яғни, гипертония, қант диабеті, астма, қан қысымы және анемияға секілді дертке шалдыққандарға тегін дәрілер беріледі. Ол үшін тұрғылықты жердегі дәрігерге бару керек. Бұдан өзге дүние есігін ашқан кезкелген сәби дәрі-дәрмек салынған қобдишаға ие болады. Анасының сүтіне тоймаған кішкентай нәрестеге қосымша құрғақ сүт беріледі. Рахиттің алдын-алу үшін кальций беріледі. Бұл шараның бәрі емдеуге жатпайды. Сәбилердің жаңа өмірге бейімделуіне көмектесу. Ал, 5 жасқа дейінгі балалар жедел түрде ауырған пневмания, фарингит, бронхит ауруларымен ауырса дәрі алуға құқылы. Науқастың дерті асқынса, антибиотик жазылады. Баланың дене қызуын түсіруге арналған дәрі де тегін. Сондай-ақ, тегін препаратты әлеуметтік қорғалмаған топ өкілдері алады. Олар: 18-ге толмаған азаматтар, жүкті әйелдер, көп балалы аналар, мүгедектер. Тегін дәрілер жайлы өзіңіз қаралатын емханадан анықтаңыз. Көбінесе ақпараттық хабарлама кіре берісте ілулі тұрады. Кез-келген дәріні қолдануға қатысты немесе препаратқа қатысты өзге де көкейтесті сұрақтарыңыз болса 8 800 080 88 87 телефоны арқылы тегін ақпарат алуға болады. Білікті мамандар тәулік бойы сізге көмектесуге әзір. Ақысыз дәрі мен ақпарат алуға әркімнің құқығы бар! Еліміздегі тегін дәрі-дәрмектің тізімі медициналық сақтандыру жүйесіне көшсе де өзгеріссіз қалатын болады.

Әсем ӘМІРЖАН



# Қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл қоғам да жауапты

**12 жасар қыз баласы жүкті болып қалған, сыртқа шықсаң мәдениеттің төмен екенін байқайсың ал, интернетте тіпті адам ұялатын видеолар қаптап жүр. Осындай жағдайда біздің күшіміз бір болып қарсы тұруымыз қажет!**

Бүгінгі қоғамда жастар тұрмақ жалпы адам-зат баласы қай сарынға кетіп бара жатқанын дөп басып айту мүмкін болмай отыр. Еліктегіш халқымыз жан-жаққа көз салып жарасып тұрмаса да өзіне сән етіп, алып отырған тұстары жетерлік. «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы»деген сөз тегін айтылмаған. Қай ұлт болмасын олардың мінез-құлқын қыздарына қарап ажыратуға әбден болады. Қазақ қызы өз ұлтының мінезіндей жайсаң, жайдары болған. Ал бүгінде мұндай қыздарымызды кезіктіру ілеу де біреу. Тегінде Қазақ қызын барым деп, арым деп қорғаған. Әрине, ұрпақ тәрбиесіне ата-ана жауапты. Мәселен, табиғат анаға да күтіммен қараймыз. «Шыбықты қалай ексең солай шығады» деген сөз бар. Сол секілді «тәрбие тал бесіктен демекші» бала сәттен болашаққа дұрыс бағдар беру керек. Қазақ елі ұлт болып қалыптасқаннан бері ешнәрсені бей-жәй қалдырмаған. Бүгінгі қоғамда қазақтардың шынымен де қазақ екенін сездіру үшін салт-дәстүріміз кеңінен насихатталу қажет.

Әр нәрсеге мән бере қараған дана халқымыз сұлудың көркі шаш деп есептеген. Қазіргі қоғамда бұрымдылар тұрмақ шашының өзі жартылай тақыр. Бұл нені көрсетіп тұрғанын өздері түсінсе мейлі, не жасап жүргенін қашан ұғынар екен? Ұлт мәдениетінде әр бойжеткен шашы мен бойына қарап бағалаған. Шаш тек сұлулық пен мәдениеттілік белгісі ғана емес, ол әйелдер қауымына берілген Алланың айрықша сыйы, құрметі,сәні, еншісі. Шолпы, шашбау, шаштеңге, шашқап – сол сый құрметке сай әр әйелдің әсем табиғатымен нәзік жаратылысына лайықталған қазақтың талғампаздық үлесі әрі ұлтттық сыр-сыйпаты.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

Сұлу қыздың көріппе ең мұндай түрін?-деп Абай атамыз да қазақтың нағыз сұлуларын жырға қосқан. Абай бабамыз тамсанып, өлең шығарып, келісті шумақтардың мазмұнына айналған қазақ қызы, бүгінде өз істерінің мәнсіз, бізге жат екенін түсінсе екен.

Қыз баланың тәрбиесі ата – анаға да үлкен сын болған. Жүн түту, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, арқан есу, көрпе көктеу тағы басқа өнерді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Осылай еңбекке баулу арқылы отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін дамытып, психологиялық жағынан даярлай бастаған.

Қазақтар әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани-моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді бүкіл сол бір қалың елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, бүкіл ұлттың бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелеткен, парасаттылыққа баулып, еркін өсірген. Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Қазақтың батыл қыздары, ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиеледі. Пәрәнжі-сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерлік ара жігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан батыр қыздар қазақта болған. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» деп қызға сеніммен арқа сүйеу де тек қазақта.

Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі халықта. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқаратыны белгілі.



Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз –ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата –ана және қоғам. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие үрдісі өз жемісін нәтижелі бере бастайды.

Қазақ халқы ежелден келе жатқан мәдени мұрасымен тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрін жалғастырып келеді. Болашақ сүйікті жар, ардақты ана – қыз баланың алар орны ерекше екенін ұмытпайық!

Жадыра МҰСАБАЙ






***«Muslim wear» сән индустриясының өнімдері – әлемдік бренд. Ерекше фасондағы киімдер сәнқой әйелдер қауымына ұсынылып отыр. Жақында отандасымыз Әсел Бүтінбаева әйгілі коллекцияның еліміздегі ресми дилері атанды. Осы орайда біз Әсел ханымнан сұхбат алдық.***

***– «Muslim wear» коллекциясы жайлы толығырақ айтып бересіз бе? Коллекцияның еліміздегі дилері атануыңызға не себеп болды?***

– Сән әлемі жаңа пайда болған ұғым емес. Мен исламиат қабылдағаннан бастап, барлық киім-кешегімді ауыстырдым. Өзіме ұнайтын, қолайлы, сапалы, бағасы жүйелі мұсылмандық киімдерді табу өте қиын болды. Сол кезде менде неге мұсылман қыздарына да сәнді, ашық түсті, ыңғайлы киімдер шығармасқа деген сұрақ туындады. Бірінші рет «Muslim wear»-ға кездескенде, осындай бренд бар екенін естідім. Маған киімдері қатты ұнады. Тұңғыш ғаламтордан көргенімде, шындап келгенде, суреттен сапасын дұрыстап көре алмайсың. Тапсырыс беру арқылы брендтің киімін киіп көргенімде барлық жағынан ойымнан шықты. Атап өтсем: сапасы, ыңғайлылығы, тек той-томалаққа киетін киімдер емес, жалпы кеңсе орындарында жұмыс істейтін қыздарға да арналған коллекциялары бар екен.

***– Қандай фасондағы киімдерге көп тапсырыс болады? Көйлектің үлгісіне қолданылатын кездемелердің сапасына қаншалықты көңіл бөлесіздер? Өндірістік ақаулар болып тұра ма?***

– Өндірістік ақаулар болмайды. Ал тапсырыс көбіне кеңсе киімдері мен ұлттық нақышта тігілген киімдерге көп. Мысалы менің үстімде түгел «Муслима»-ның киімі. Костюм, кофта ассортименттері, жүкті әйелдерге арналған фасондар, тойға киетін киімдерге де тапсырыс жоғары. Дегенмен, болашақта күнделікті киілетін киімдерге көп көңіл бөлуді жоспарлап жатыр.

***– Дизайнерлік марка сәнді көйлек пен костюм топтамаларын, алуан бұйымдар ассортиментін, бас киімдер шығаратыны белгілі. Аталған өнімдер өзге сән дизайнер жұмыстарынан несімен ерекшеленеді?***

– Акцент ұлттық нақыштар мен қазақи өрнектерге қойылады. Дәл осы ерекшелігімен өзге сән дизайнерлерінен алға суырылып шықты. Франциядан кейін менің пікірмше, нақ осы сән жағынан Түркияда бәсекелестік өте жоғары, қатты дамыған. Ал «Muslim wear» осылардың ішінен ерекшелене білгені, негізін қалаушы Амина Федоренко үшін өте зор жетістік деп ойлаймын. Ұлттық өрнектерге қатты акцент берілгендіктен тапсырыс жоғары.

***– Сіздің пікіріңізше, «Muslim wear» стиліндегі идеалды әйелдің бейнесі қандай?***

– Киіну әдебімен таныс, ұқыпты, иманды, талғамы жоғары, ішкі мен сыртқы дүниесі бірдей сұлу, нәзік бейне.

***– Алдағы уақытта аталмыш коллекцияға байланысты қандай жоспарларыңыз бар?***

– Қазір бір ғана жоспарым бар – ол брендті алға қарай жетілдіру. Әлемге, Қазақстандағы мұсылман қыздарына таныту, әрине. Көпшілік әлі біле бермейді. Елімізде бутиктер екі қалада ғана бар. Басқа қалаларда да ашылғанын қалаймын. Ал «Muslim wear»-дің жоспары, жүкті және бала емізетін әйелдерге арналған коллекциялар шығып жатыр. Алдағы уақытта спорттық киімдер, күнделікті киімдер, сондай-ақ осы аталған киімдердің барлығына кішкентай өлшемнен бастап үлкеніне дейін шығаруды жоспарлап отыр.

***– Әйелдер қауымының мұсылман қыздарына арналған киімдерге, жабық киінуге қызығушылық пен сұраныстың артуы неде?***

– Мен осы киімдерді тұңғыш кигенімде біріншіден ыңғайлылықты сезіндім, екіншіден бұл өте сәнді, жарасымды тұрды үстімде. Мен де бастапқыда гардеробымды ауыстырғанда жабық, ұзын, сәнді киімдер іздедім. Осы жағдайдан мен секілді біраз қыздар өтті деп ойлаймын.







Үйге киетін, күнделіті киетін киімдер шығаратын дизайнерлерде бәсекелестік көп. «Муслима»-да кеңсе киімдері, жүкті әйелдерге арналған фасондар, сондай-ақ ұлттық оюлармен безендірілген киімдер. Осынысымен ол ерекше.

– ***Қоғам жабық киінген әйелді қалай қабылдайды?***

– Негізі әр адамның ішінде, жүрегінде, рухы әрине қалайды. Адамдар сырт көзден аяқ тартады. Анау не ойлайды, мынау не айтады деп жүретіндер бар, алға суырылып шығуға қорқады. Бірі әке-шешесіне қарсы шыққысы келмейді, күйеуі ұнатпай қалады ма деп қорқады. Бастапқыда мен де исламиатты қабылдағанымда күйеуім қалай қабылдайды екен деп ойлап жүрдім. Сырта шаштарын жайып, боянып-сыланып, қысқа киініп алған қыздарды көріп сезімі әлсірейді ме деп қорқатынмын. Керісінше, оның құрметі, сүйіспеншілігі артты. Тіпті қызым бірінші рет орамал тағып оқуға барғанында ортасы құрметпен қабылдады. Оның көзінше сыныптастары жаман сөз айтуға ұялып, жол беріп жатты.

– ***Бренд бутиктерін еліміздің қай қалаларынан таба аламыз? Бағасы қолжетімді ме?***

– «Муслима»-ның киімдерінің матасы болсын, тігісі болсын – өте сапалы. Бағалары қолжетімді. Мысалы, тура осы сапада басқа брендтер өте қымбат сатып жатқанын өзім көрдім. Ал мұның барлық талғамға сай болғанымен бағасы орта. Киімдер тек қана Стамбұлда тігіледі, еліміздің екі қаласына тапсырыс бойынша алып келінеді.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

Әңгімелескен
Мадина АБДУКАДИРОВА















# *ҰЛЫ ДАЛА ҰЛЫЛЫҒЫ*

Кең-байтақ даламызды ат жалында жүріп қорғаған, басын бәйгеге тігіп, жан алып, жан берген ата-бабаларымыздың келешекке өшпестей қалдырған мұрасының қай-қайсысы болмасын баға жетпес байлығымыз. Киелі топыраққа аунап өскен, оның самал желіне бетін тосып, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауды мекен еткен Ұлы Дала ұрпағының аты әлем шарлап, жауымызды тұлпарының үнінен зәре-құтын қашыратын деңгейге жеткізгеніміз жасырын емес. Алқып-шалқып өмір сүруіміздің өзі де сол қайсарлық пен тектіліктің нәтижесі. Осынау ұлан-ғайыр қасиетті мекеннің ұрпағы – сіз бен біз кейде осы «кие» деген ұғымның мағынасына тереңдей алмаймыз.

Бұл жөнінде қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде үлкен мән берген: «... кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым, жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі деп түсінеді. Ал осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу – жоқшылыққа душар етеді. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу – киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады». Осыдан-ақ көшпелі елдегі дала мәдениетінің озық үлгісін көруге болады. Наным-сенім, ырым-тыйымдарының барлығы да жаман энергияның аулақ болуы үшін жасалған қарсы әрекеті болса керек.

**Сөз киесі**

Жұртымызда жеті саны үлкен қисиетке ие ұғым. Жеті жетімнің бірі де осы сөзге қатысты «тыңдалмаған сөз жетім» деп айтылса керек. Дегенмен, сүйектен өтер сөз желге ұшып, тыңдар құлақ таппай қаңғырып қала беретіні де бар. Алайда әрбір сөздің айтылар орны мен шекарасы көрінбес шетеуі де жоқ емес. «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» сынды мақал-мәтелдер де бекерге айтылмаған. Көңілге түйе білсек, сөздің де киесі басым. Ықылым заманнан ата-бабаларымыз кез келген бүлдіршінге сөздің киесін түсіндіріп, ғайбаттау, өтірік-өсек, жалған сөйлеуден бойын аулақ ұстауға үндеген. Ауыздан шыққан сөз түбі сұралатыны әуелден белгілі. Бұрыннан аян, көз тию, сөз өту дегендер әлі күнге дейін өзінің әсерін әлсірете қойған жоқ. Әсіресе, жаңадан тілі шығып, қаз тұрып, тәй-тәй басқан бүлдіршіндерді қызғыштай қору әдет-ғұрыпқа сіңген әдет.

**Дастарқан киесі**

Күнделікті бойыңа қан таратып, тән қалауын қанағаттандыратын шаңырақтың сәні мен мәні – дастарқанда. «Отбасы – ошақ қасында» алыс-жақыннан келген қонаққа міндетті түрде төрден орын беріп, дәм татқызамыз. «Қуыс үйден құр шықпа» деген сөз тіркесі де осыған қатысты айтылса керек. Шаруа басты адам баласының бас қосып, шүйіркелесіп әңгіме айтар және кеңесер орны мен өлең-жыр оқып, күмбірлетіп күй шертер орын да дастарқан басында. Қалыптасқан қағида бойынша үлкеннен кішіге дейін, рұқсатсыз дастарқаннан өз бетінше тұрып кетпейді. Бұл да үлкен мәдениеттіліктің айқын көрінісі.

**Жер киесі**

Ата-бабамыздан қалған ескі қалалардың орны, сан алуан ескерткіштер мен мазарлар да киелі саналады. Өткеніңе құрмет көрсетіп, бабалар басына Құран оқып, зиярат ету де көпке жүктелген ортақ міндет. Тарих тамыры тереңге тартқан, тағдырымыздың бастауы саналар ұлан-ғайыр жеріміздің әрбір нүктесі біз үшін киелі. Себебі, қаншама қан мен тер төгіліп ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа аманатталып келеді. Сан мыңдаған тарихи мұралар орын тепкен, сонау тас ғасырынан бері адамның өмір сүруіне қолайлы мекенімізбен кеуде керіп мақтана алатын жағдайымыздың бары көңіл қуантады. Осынау мол мұрамызды қызғыштай қорып, Ұлы Даланың иесі болып, киесін білу біздің азаматтық парызымыз.

**Мал киесі**

Кисе киім, жесе ас, мінсе көлік болған төрт түлік мал да қазақ үшін ежелден-ақ киелі. «Малды теппе», «жылқыға теріс отырма», «ақты төкпе» деп келер ырым-тыйымдар осы төрт түлік малдың ықпалынан туса керек. Кез келген төлдің өзіндік қадір-қасиеті баршылық. «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір», – деп момын түлікке баға беріп, оның жүнінен жасалар неше түрлі текемет, киімкешек, ою-өрнегіміз тарихқа таспен қашалды. «Ер қанаты – жылқы» деп жауға шапса сенімді серігі, жолға шықса – көлігі, ішсе қымыз, көші-қонға да ыңғайлы, талай жырлар мен шығармаларға арқау болған қасиетті түлігіміз де осы. Оралхан Бөкейдің «Жетім ботасында» осы түлік жоғары деңгейде көрініс тапқан. Барлық ірімшік, майымыз, қаймағымыздың бойымызға нәр таратып, аузымызды ақтан ажыратпаған Зеңгібаба төлінің де жөні бөлек. Сондықтан біз көшпелі халық ретінде ешнәрседен тарықпадық.

Технология шарықтап дамып, жаһандану дәуірі белең алған тұста тағылымы мол, тәрбиесі жоғары ұғымдар ұмыт қалып жатады. Өскелең ұрпақ дәстүрімізге сіңген осындай киелі де қасиетті ұғымдардан хабардар болуы тиіс. «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, кез келген аға буын өкілі ізін жалғар жасөспірімге жөн сілтеп тұрса игі. Сонда ғана біз өзімізге тән болмысымыз бен тектілігімізді сақтай аламыз.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

# ГОВОРИ ПРАВИЛЬНО!

*Во дворе XXI-век. Сейчас в тренде разговаривать используя дифферентные слова-паразиты. Некоторые люди даже не замечают как они говорят и что употребляют. Давайте разберем, что есть что. И начнем наконец-то следить за речью.*

Как показывает статистика, 99% людей употребляют в речи слова и фразы, которые называются словами-паразитами. По этим словам можно узнать о человеке многое. И сейчас мы рассмотрим немного примеров, чтобы было понятно.

**«Вообще-то»** — слово, встречающееся у неуверенных в себе людей. Но, в отличие от «кстати», эти личности могут закатить такой скандал на ровном месте. Правда, делают они так из-за своей неуверенности.

**«Короче»** — это показатель торопливости, агрессии, нервозности. Скорее всего, человек, который употребляет это слово обладает холерическим типом темперамента. Некоторых из таких людей можно причислять к людям с неуравновешенной нервной системой. Еще это слово часто встречается у очень болтливых людей.

**«Кстати»** — это слово чаще всего употребляют те люди, которым очень не хватает внимания. Они обычно ощущают неловкость в новой компании, и пытаются прикрыть свое смущение этим словом. Прислушайтесь к разговору и посмотрите, как сильно привлекает внимание человек, начинающий свою речь со слова «кстати».

**«Это самое»** чаще всего говорят те люди, которым не хочется выполнять свою работу. Возможно, они ненадежны и импульсивны, так что не стоит на них слишком сильно надеяться. К тому же, такие личности очень ловко избегают всяких наказаний, быстро сваливая свою вину на тех, кто оказался рядом.

**«Просто»** чаще всего произносят в своей речи те люди, мнение которых не может быть самостоятельным. Они сильно зависят от своего окружения, и боятся взять на себя какую-то ответственность.

**«На самом деле»** - верный признак самоуверенных и эгоистичных людей. Они доверяют исключительно себе, своему опыту и своему мнению. Обычно, человеку-«на самом деле» не легко завести друзей, ведь он считает себя одного единственным и неповторимым. Окружающие же люди – это просто публика, безликая масса для его жизненных выступлений.




**«Как бы»** — это творческие натуры. Такая личность часто проводит время в своем собственном, выдуманном мире. Именно этим выражением такие люди неосознанно подчеркивают свою сущность, свою оторванность от социума, свое отношение к жизни.




**«Типа»** и **«Значит»** любят употреблять в речи настоящие консерваторы. Они вообще против всего нового и им неизвестного, а свое мнение всегда могут доказать, прибегнув к агрессивному стилю беседы.

Мадина АБДУКАДИРОВА

# Жазу үйретуден бұрын әріп тану

Кеше сағыз, бүгін майнкрафт сұрап жүрген балаңыз өсіп, бірнеше жылдан соң әлеуметтік желіге келеді. Сол кезде оның әлеуметтік желілерде бет жыртысып отырғанын қалайсыз ба әлде «құсық арасынан жеуге жарамды ыстық картоп іздеп отырғанын» қалайсыз ба? (бұл теңеу өзіме де ұнап қалды ) Құсық жағаламауы үшін қазірден бастап балаңызға сыни көзқараспен карауды, фактіні сыннан өткізіп қабылдауды үйреткеніңіз жөн.

Біз әке-шешесінен бастап (аяз атасы да, жыласаң алып кететін орысы да бар болсын!), тәрбиеші, мұғалімі, көршісі, газеті, радиосы, теледидары, көсемі алдаған буынбыз. Біз де есесін қайтармай қалғанымыз жоқ, әрине. Бірақ проблема олардың алдауында емес. Біздің сенуімізде. Әлі де сене береміз. Өзіміз өтірігімізді нықтау үшін теледидардан көрдім, газеттен оқыдым дейтін едік. Практикамды «Н» газетінің редакциясында өттім. Сонда апталық жұлдыз жорамалды шалдардың қалжыңдасып-қауқылдасып отырып сүйкей салатынын көре тұра, апталығын да, күнделіктісін де қалдырмай оқитындардың бірі едім… Қазір кез-келген БАҚ шошқаның сүйегін тастаса да, имандымыз бар, имансызымыз бар бір-бірімізден жұлып мыжғылаймыз-ау. Қазіргі адамдардың арасында өз бетімен бірнеше сайтты ашып, жаңалықтар оқитындар бірен-саран. Кәсіби саясаттану, журналистика не сол сияқты басқа да салада болмаса. Әлеуметтік желіде кім не шайнап берсе, соны жұта салады. Бірақ «өз көзқарасы», тіпті боқжағысуда өз принципі мен әдістері бар.

Мүмкін қазір сол алданған буынмен арпалысудан гөрі, өз балаларымыздың бойында ақпаратқа иммунитет қалыптастыру керек шығар. Не болса соны жұтпасын, бұрыс болса да әр нәрсеге өз көзқарасы болсын, БАҚ тарататын ақпаратты қабылдай білсін. Бұл үшін балаларға ең негізгі қағидаларды түсіндірген абзал.

• Сайттардан, теледидардан көретін, газеттен, кітаптан оқитын, радиодан тыңдайтын дүниенің барлығы қарапайым адам қолымен жасалады. Олар құдай емес. Кез келген хабарламаның «месседжі» бар. Балаларыңызбен бірге тауып көріңіз.

•Демеушілер кімдер? Көптеген балалар жобасында, бағдарламаларында, мультфильм, кино өнімдерінде демеушілерге жарнама жасалады (ауызша, логотиптерін, өнімдерін көрсету). Мұның себептерін, демеушілердің пайдасы мен ниетін ашық түсіндіріңіз.

•Үлкендер әңгімесі. Балаңыздан темекінің, сыраның, басқа да ересек адамдар тұтынатын тауарлардың маркасын сұраңыз. Қаншасын айта алады, олар туралы не біледі? Өздері ешқашан тұтынбаған тауар туралы бөгденің сөзіне еріп шешім шығармауын ескертіңіз. Балаңызбен бірге бейнеклиптер қараңыз. Алдымен бейнеклипті дыбыссыз көрсетіңіз. Бейнеклип не туралы екенін сұраңыз. Кейін әуенімен қосып көрсетіңіз. Сөздері мен бейне дерек сай келе ме? Қандай да бір стереоптипті образдар, есірткі, алкоголь, зорлық насихаты байқала ма?

•Балаңыздың қандай ойын ойнайтынын, қандай бағдарламалар қарайтынын, қандай мүльтфильмді жақсы көретінін біліп жүріңіз.

Әр айтылған, жазылған ақпаратқа сеніп, қабылдай бермеңіз. Тіпті менің жазбамды қабылдауыңыз шарт емес. Ешкімге сенбеңіз!

Бэлла ОРЫНБЕТ






# Эксклюзив: «Гарнд Әлем» транспорттық компаниясының 5-жылда бағындырған белестері

**Транспорт саласында бес жылдан артық басшылық еткен Миербеков Дәурен Мұхитдинұлы бүгінде өз ісінің майын ішкен білікті кәсіпкер. 2011 жылы туризм саласында оқуын тәмамдап, еңбек жолын бастайды. Ердің атын еңбек шығарады демекші, тынымсыз тіршілік етіп, жеткен жетістігінен жеміс көріп отырған Дәурен Мұхитдинұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.**

– Дәурен, 5-жылдық мерейтой құтты болсын! Жалпы осы компания жөнінде толығырақ айтып берсеңіз? Бүгінде «Гранд әлем» жұмысы қалай жүріп жатыр?

– Біздің компания Қазақстан территориясында ашылған тұңғыш транспорттық компаниялардың қатарында. 2011 жылы туризмді бітіріп бірден жеке бизнес бастауды көздедім. Бұл салада жүрген таныстарым да, жақындарым да қолдады. Бүгін «Гранд әлем» транспорттық компаниясы 6-санатты автокөлікті жалға беру қызметімен айналысады. Эконом, бизнес, премиум, жол талғамайтын көлік, автобус, минивен және шағын автобусты ірі фирмалар, жұмыс орындар, қала қонақтары және тағы да басқа пайдаланушыларға ұсынамыз. Сондай-ақ, еліміздің алпауыт қалаларында да филиал іске қосып жатырмыз. Тұтынушылар саны күн санап артуда. Бұл біздің компаниямыз үшін үлкен жетістік, еңбегіміз елеусіз қалып коймағанына дәлел деп білемін.

– Басқа аймақтарды қалай қамтисыздар? Ол қай қалалар?

– Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қарағанды қалалары. Ол жақта да біздің персоналды менеджерлер бар. Жоғарыда аталған қалалардың біреуінде келісімшартқа отырған клиент басқа нүктелерде қағаз толтырып әуре болмайды, сол келісім қағазымен 1 жыл көлемінде қызметімізді пайдалана алады. Бұл компанияның басты ерекшелігі.

– Компания қызметін бұқараға ұсыну жолында қандай әдістер колданасыз?

– Әрине, ең негізгі жол – интернет. Қазір ғаламторға кірмейтін жан жоқ, еңбектеген баладан еңкейген картқа дейін барлығы бір смарт-

фоннан ұстап алған. Бұл бизнес үшін өте қолайлы. Айтады ғой, «интернетте жоқ адам – бизнес әлемінде жоқ» деп, сондықтан бұл әдіс барлық кәсіпкерлер үшін қолайлы деп ойлаймын. Жуырда www.rentavto.kz сайтын іске қостық. Бұл біз үшін алға басқан үлкен қадам. Кез-келген клиент осы сайт арқылы онлайн-тапсырыс толтырып, біздің қызметімізбен пайдалана алады. Автокөлік жалға беруден бастап, той кортежі, аудармашы, трансфер, экскурсия т.б. қызметтерді қолданылады.

– Сайт жөнінде кішігірім айтып өтсеңіз?

– Әрине, біздің сайт www.rentavto.kz толықтай қазақи үлгіде жасалды. Логотиптен бастап дизайны мен имидж-брендингіне дейін ұлттық ою-өрнектер мен орнаменттер қолдандық. Қазекемнің мәдениеті терең, ұлттық нақыштағы оюларға бай. Бұл кездейсоқ қабылданған шешім емес, арнайы мақсатпен көзделген іс. Кез-келген тапсырушы мейлі турист болсын, не басқа біздің ұлттық стилімізге әуестеніп қарайтыны анық. Бізден көп компаниялар үлгі алғанын қалаймыз.





– Кәсіпкер болу кез-келген адамның қолынан келеді ме?

– Кәсіпкерлік қабілет адамға бала күнен бітеді. Яғни, жастық шағында кездейсоқ табыс тапқан, соны әрі қарай дамытқан сәттен басталады. Күн санап қызығушылығы артып, ойын іске асыру жолында көп еңбек етеді. Балалығымда менде де осындай қызығушылық болды. Ата-анам мен туыстарым қиялыма қанат жалғады. Бүгінде мен бірнеше жұмысты қатар алып жүруді жоспарлап отырмын. Кәсіпкерлік арнайы шекарамен белгіленбеген, оған шектеу жоқ. Егер адам шын көңілімен қызығушылық танытып, бар ынтасымен кіріссе – оның арманы жүзеге асады. Кәсіппен айналысқысы келетін жастарға берер кеңесім, қандай да жұмысты бастау үшін пәлен-түген қаражат керек деп жалтақтау қажет емес, бастапқыда кез-келген тауарды әкеліп-сатып, ғаламторды жақсы меңгеріп, қай сайттарда аталмыш тауар қажет сонда өзін ұсыну да жеткілікті. . Бірінші қоңырау да өзін көп күткізбейді, бастысы клиент өзгеге кетпей тек сіздің тауарыңызды алуды қамтамасыз ету керек. Есте сақтаңыз, әрбір қоңырау маңызды!

– Қиындықты қалай жеңесіз?

– Кәсіпкерлікпен айналысқан кезеңдерді ескере отырып айтар болсам, кез-келген қиындықтың өзіндік шкаласы болады. Көрсеткіш қиындық сатысына жоғарыласа, кризис сызықшасы біресе төмен, біресе жоғары болады. Яғни, қиындық бірден көп болуы мүмкін, немесе керісінше. Қандай да жағдайда «тірі болсақ қиындық мықты етеді». Біздің компания үшін бұл серпін береді, жағдайдан шығу үшін түрлі әдістерді қолданып, жаңа жоспар құрамыз. Бізде де мұндай ауыр кезеңдер болды. Бастапқыда біресе қаражат жетіспеді, біресе уақыт жағынан, әзер үлгеріп жүрдік. Дегенмен, бірнеше ай өтіп персоналдар саны көбейіп, проблемалардың басы шешіле бастады. Енді ашылған кезде компанияда 5 мәшине мен 3 қызметкер болды. Оның біреуі өзім

Күні-түні күресіп, қиындыққа мойымай осындай дәрежеге жетіп отырмыз. Мұнымызға шүкіршілік етеміз. Қандай ауыр іс туындамасын, бастысы: қиындыққа бой бермеу керек!

– Қандай да бір жағдайға тап болған кезеңнен үзінді айтып берсеңіз? Және де ол қиын сәттен қалай шықтыңыздар?

– Бірде Бұрабайға жол тартқан шағын автобус трассада істен шықты. Ішінде балалар да болды. Біз жедел рекация беріп, артынан басқа автобус пен керек-жарақ жолдадық. Алаңдатқаны далада аяз, -37 градус. Дегенмен, 15 минуттық жерде болғаны бізге кішкентай болса да үміт берді. Нәтижесінде автобус ішіндегі барлық адам аман-есен Бұрабайға барып келді. Барлық техника кез-келген уақытта істен шығуы мүмкін, сондықтан автотранспорт саласын мұқият жұдырықта ұстап отыру өте маңызды.

– Бос уақытыңызды қалай пайдаланасыз?



– Арнайы бір бағытта жұмыс жасайтын жетекшілерге көңілді басқа арнаға бұрып, тынығып, жаңа қызығушылық, жаңа ой мен әсер алу үшін бос уақыт қажет. Менде мұндай сәт жиі бола бермейді. Негізі отбасыма көп уақыт бөлгім келеді... Әдетте достарыммен бас қосып, инттелектуалды ойындар ойнағанды ұнатамын. Шахматқа әуеспін, спортпен шұғылданамын, гитара шертемін.

– Отандық және шетелдік әншілерден кімдерді тыңдайсыз?

– Батырхан Шүкеновтың әндері, Нұрлан Өнербаевтың шығармалары ұнайды. Шетелдіктерден Астудио, Би-2, Битлз топтарын тыңдаймын. Сондай-ақ классикалық музыка да жүрегіме жақын. Караокеге жиі барып тұрамын.

– Алдағы уақытқа жоспарыңыз қан-



қандай?

– Біріншден, аймақатар базасын кеңейту, жыл басында қойылған жоспарларды іске асыру. Келесі бағыт – агромаркетинг саласы. IT-технологиялары арқылы халықаралық аренаға шығу мүмкіндігі. Үшінші кезекте тұрған – ЭКСПО-2017ге дайындық. Елімізде ЭКСПО сынды үлкен іс-шара өткізіліп жатқаны қуантады. Біздің мемлекетіміз 4-жылда бір рет өтетін негізгі ЭКСПО конкурсына қабылданбағаны өкінішті. Өткен жолы негізгі ЭКСПО шарасы Миланда болды, кезекте 2020 жылы Дубайда өткізіледі. ЭКСПО көрмесі отандастарымызға, әсіресе кәсіп саласына зор мүмкіндік тудырмақ. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевты да, мемлекетімізді де қолдай отырып, табыстың жаңа көкжиегін бағындырмақпыз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Мадина НЕМАТЖАНҚЫЗЫ

# Тағы да реформа. Нәтиже бар ма?

***Қазір әлеуметтік желілерде білім беру жүйесіндегі реформаларға қатысты әңгіме көбейіп кетті. Нәтижесінде Білім және ғылым министрі бір топ блогерлермен кездесуге ұсыныс жасады. Келістік. Бардық. Дегенмен смартфон ұстауға тыйым салатын заңнаманың күшіне енуіне байланысты кездесуге «қару-жарақтарымызбен» кіре алмадық. Сондықтан министр Ерлан Сағадиев мырза айтқан сөздерінің есімде қалғанын, көкейіме қонғанын баяндайын.***

**Реформа не үшін қажет?**

**Қазақстандық мектеп оқушылары европалық қатарластарынан екі жылға кенже қалған. Бұл PISA (Programme for International Student Assessment) мектеп оқушыларының білім деңгейін бағалайтын халықаралық бағдарлама қорытындысы. Яғни, сіздің 8-сынып оқитын балаларыңыздың білімі Европалық 6-сынып оқушысының білім деңгейінде. Бұған әсер ететін факторлар әрине көп, бірақ бастысы тіл. Ғылым қазір күн сайын қарыштап дамуда. Ғылым тілі ағылшын тілі екені белгілі. Онда ол ақпарат ағынын аударуға тырысу мүмкін емес. Осы орайда Ерлан Кенжеғалиұлының TEDxтесөйлеген сөзі есіме түсті. Көрмесеңіз, көруге кеңес беремін. Жалпы аудармаға қатысты, тағы бір мәселе — терминдер. Егер қазақ тілін музей экспонаты сияқты сақтағымыз келсе еркіміз. Бірақ біз тілді қолдануымыз, модернизациялауымыз, дамытуымыз қажет. Түсініксіз аудармадан гөрі, түсінікті «кірме» сөздер артық. Мысалы, медициналық оқулықтағы 30 мың сөздің аудармасы жоқ екен. Егер сол сөздерді түгел** қазақшаға аударар болсақ, мен осы кітаппен оқыған дәрігерге қаралғанша, шетелде емделе берер едім.

STEAM білім беру

STEAM (S – science, T – technology, E – engineering, A – art, M – mathematics) қазіргі кезде әлемге ең қажетті пәндер. АҚШ, Малайзиядағы білім беру реформасы мен экономикасының бәсекелестігін арттырудың синонимі осы STEAM білім беру болады. Қазақстандағы реформа (реформа деу артығырақ, бұл жобаның әзірленіп, қолға алынғанына біраз жыл) бойынша информатика, химия, физика және биология пәндері ағылшын тілінде оқытылмақ. Дәлірек айтқанда, оқулықтар ағылшын тілінде болады. Ал оқытушы өз ыңғайына қарай қалаған тілінде түсіндіруге құқылы. Информатикадағы терминдердің дерлігі ағылшын тілінде екенін ескерсек, бұл логикалық дұрыс шешім деуге болады. Осы өзгерістер бір күн, бір жылда емес, кезеңмен жүзеге асырылады.

Алдымен 2017 оқу жылында информатика пәні ағылшын тіліне өтеді. Қалған пәндер 2020 жылға дейін біртіндеп көшіріледі. Кадр мәселесіне келетін болсақ, ниеті, бейімі бар мамандар жазғы демалыс кезінде ағылшын тілін үйренеді. Қазірдің өзінде ҚТЛ, Назарбаев мектебінің оқытушы, оқушылары волонтерлік негізде жұмыс жасауға тілек білдіріп отыр.

Өзгенің қаңсығын таңсық қылып...

«Менің Өзбекстанға бірнеше рет сапарым түсті. Тарихы, мәдени жәдігерлері бай ел. Бірақ ол жаққа тағы барғым келмес еді. Себебі кедей халық, төмен тұрмыс деңгейі, жоқшылық. Ал салыстырмалы түрде Азиядағы елдер — Корея мен Жапонияға қанша барсам да қызық. Мәселе мәдениетте емес. Өмір сүру деңгейінде, тұрмыс-тіршілігінде. Өз елінің экономикасы, білім-ғылымы, әлеуеті жоғары болса, жастарымыз сакураға тамсанып, кәріс сериялдарын тамашалап, Америка арманы туралы қиялдайды деп ойламаймын. Бай ел әлемді тамсантатын мифті қолдан болса да жасап ала алады».

Ауыл баласының зоотехник болуы шарт емес

Ауыл және қала баласының арасы алшақ. Білім деңгейі әртүрлі. Қазір не үшін ауылдарға интернет тартып әлек болып жүрміз? Уақытын қызықты өткізуі үшін емес, тең мүмкіндік алсын деп. Мектептерде ағылшын тілі енгізілсе, біздің оқушылардың білім көкжиегі де кеңейеді. Ауыл мектебінің түлегі Каир, Кембридж, Оксфорд университеттерінің есігін именбей ашсын десек, ағылшын тілі пәнін енгізу қажет. Тіпті француз тілі 16 мемлекеттің ресми тілі бола тұрса да, французлар 1-сыныптан бастап ағылшын тілі пәнін енгізді.

Бұл ұлтының тілін кемсіту емес, болашағын ойлау.

ЖОО туралы бірер сөз

Жоғарғы оқу орындарындағы профессор-оқытушылардың ғылыми дәрежесі мәселесіне келсек. Қазіргі кезде жасы келіп қартайса да, білім берудегі басшылықты уысынан шығарғысы келмейтін профессорлар барын білем. Барлығы емес, кейбірі кәсіби құндылығын жоғалтқан. Сонда да кафедра меңгерушілігіне таласу, өз адамдарын жинау сияқты жоғары білім сапасын кері тартатын әрекеттер жасайды. Бұл оқу процесіне, сапалы мамандар даярлауға кесірін тигізеді. Сондықтан қазір оқытушылар құрамындағы ғылыми дәреже көрсеткішін аздап өзгерту керек. Зейнет жасындағы, кәсіби тұрғыда деңгейі төмендеген профессорларды шығарып салатын кез келді. Штаттық құрамның 30% — PhD докторлар, 60% — магистрлер, қалған 10% — кәсіби практиктер (өз саласында камне 2-3 жыл басшылық қызмет атқарған) болғаны жөн.

P.S. Негізі айтқан уәждері осы. Айтпақшы, елді қол жинатып, «жаға ұстатқан» реформалар туралы бірер сөз. Жазғы демалыстың ұзартылуы:

1-сынып оқушыларының жазғы демалысы небәрі 5 күнге кемиді.

Орта және жоғары сынып оқушыларінікі бар болғаны 10 күнге қысқарады. Қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылатын пәндер (барлық мектептерде): Ағылшын тілінде информатика, биология, химия, физика пәндері оқытылады (10-11 сыныпқа ғана қатысты). Қазақстан тарихы, Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті қазақ тілінде ғана оқытылады (6-сыныптан бастап), Орыс тілі мен әдебиеті (бұл екі сабақ біріктіріледі), дүниежүзі тарихы орыс тілінде оқытылады.

Бэлла ОРЫНБЕТ